**2019 жылғы 2 қыркүйек**
**Қамқоршылық кеңесі отырысының**
**№ 1 хаттамасы**

Қатысты: 25 адам
ТІ жөн. орынб. А.А. Карашина

**Күн тәртібі**

1. Қамқоршылық кеңесінің қызметін ұйымдастырудың нормативтік-құқықтық негіздері;
2. Қамқоршылық кеңесінің жұмысын ұйымдастыру тәртібі;
3. Қамқоршылық кеңесінің төрағасын қайта сайлауға;
4. Қамқоршылық кеңесінің хатшысын қайта сайлауға.

**1.Тыңдады:**

Басшының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А. Карашинаны тыңдады. Қамқоршылық Кеңесінің қызметін ұйымдастырудың құқықтық базасымен таныстырды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2007 жылғы 22 қазандағы № 501 бұйрығымен Қамқоршылық Кеңестің қызметін қамтамасыз етудің үлгілік ережелерін және оны сайлау тәртібі бекітілген. Осы Ережеге сәйкес Қамқоршылық Кеңес білім беру мекемесінің құрылтайшысы және ата-аналардың бастамасы бойынша осы білім беру ұйымында жалпы жиналыста құрыла алады.

**1. Қаулы етті:**

Қамқоршылық кеңесінің қызметін ұйымдастыру үшін нормативтік-құқықтық негіз назарға алынсын.

**2. Тыңдады**

Басшының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А.А. Карашина тыңдады.

Қомқоршылық кеңесінің жұмысын ұйымдастыру тәртібі, Қамқоршылық Кеңесінің құрамы жалпы жиналыс шешімімен 3 жылға сайланады, оның құрамына өзгертулер енгізілуі мүмкін. Қамқоршылық кеңесі мыналарды қамтуы мүмкін: Қамқоршылық Кеңесі құрылған білім беру ұйымының басшысы; басқа білім беру ұйымдарының, басқару органдарының өкілдері; жұмыс берушілер мен әлеуметтік серіктестер; қоғамдық ұйымдар, қорлар, қауымдастықтар өкілдері; демеушілер. Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің функцияларын іске асыру өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

**2.Қаулы етті:**

Қамқоршылық кеңесі жұмысын ұйымдастыру тәртібі назарға алынсын, Қамқоршылық кеңесінің құрамына өзгеріс енгізу қажет емес, тек Ж.В. Бажаевты жаңа ҚҚ органдарының өкілі Солтүстік ІІО инспекторы И.Т. Жабагиноваға ауыстыру қажет.

**3. Тыңдады:**

Басшының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А.А. Карашина тыңдады.

Қамқоршылық кеңесі төрағасының сайлау

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы ретінде Ж.Б. Бастамиев қызметін жалғастыруын ұсынды.

**3. Қаулы етті:**
Қамқоршылық кеңесінің төрағасы ретінде Ж.Б. Бастамиев қызметін жалғастырады.

**4. Тыңдады**
Басшының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А.А. Карашина тыңдады.
Қамқоршылық кеңесінің хатшысының қызметін жалғастыру
Қамқоршылық кеңесінің хатшысы ретінде К.Ы. Утетелеуова қызметін жалғастыруын ұсынды.

**4. Қаулы етті:**
Қамқоршылық кеңесінің хатшысы ретінде К.Ы. Утетелеуова қызметін жалғастырады.

**Төраға:**

**Хатшы:**